

деректер жеткізеді. Сондықтан топонимиялық мұра - тек тілдік емес, ұлттың рухани-тарихи капиталы. Зерттеу нәтижелері Уәлиханов ауданы топонимдерінің ғылыми тұрғыдан жүйеленуіне, олардың мәдени-тарихи маңызын ашуға және осы саладағы болашақ ізденістерге бағыт береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Иманбердиева С.Қ., Тойшыбаев З., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. - Нұр-Сұлтан, 2021. 628-бет.
- 2.Таласпаева Ж.С., Сабиева Е.В., Какимова М.Е.Солтүстік Қазақстан облысы түркі топонимдерінің лексика-семантикалық сипаты.- Петропавл: М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, 2025. - 112 б.
- 3.Әбілмәжінқызы Г., Ынтымақова А.Ономастикалық атаулардың виртуалды ақпараттық кеңістікте көрініс табуы. Филология хабаршысы, №2 (151). - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. - 143-154 б.
- 4.Иманбердиева С.Қ.Қазақстан топонимдерінің диахрониясы.Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, №3.Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2024. - 30-40 б.
- 5.Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (СҚМА).669-қор, 1-тізбе, іс 618.

АТАУЛАР СӨЙЛЕЙДІ: ОРАЛ Өңірінің тарихи ономастикасы»

Каламғали Н.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

nuraisha1607@icloud.com

Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысы аумағындағы, әсіресе Орал қаласы маңындағы жер-су атауларын тарихи ономастикалық тұрғыдан зерттеу қарастырылады. Зерттеу барысында Жайық, Орал/Яик өзені, оның салалары, сондай-ақ өзен маңындағы көлдер мен төбелердің атауларының қалыптасу тарихы, этимологиясы және этнографиялық ерекшеліктері талданады. Жұмыста ономастика саласының негізгі теориялық ұстанымдарына сүйене отырып, өңірге тән топонимдердің пайда болуына ықпал еткен тілдік, мәдени және тарихи факторлар анықталады. Жер-су атаулары қоғамның әр дәуіріне тән лексикалық элементтер мен грамматикалық тұлғаларды сақтаушы маңызды мәдени көрсеткіш екені атап өтіледі. Зерттеу барысында жергілікті сөздіктер, тарихи карталар, архивтік материалдар және интернет дереккөздері пайдаланылды. Мақала қорытындысында ономастиканың ұлттық мәдени мұраны сақтау мен мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудағы рөлі айқындалып, жергілікті ономастикалық нысандарды қорғау және оларды цифрландыру жөнінде бірқатар практикалық ұсыныстар беріледі. Жұмыстың нәтижелері ономастика мен тілдік-мәдени мұраны білім беру және жергілікті басқару салаларында тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ономастика, топонимия, Жайық Шаған, Елек, Деркөл, Шыңғырлау, жерсу, этимология, Орал.

Аннотация

В данной статье рассматривается историко-ономастическое исследование топонимов Западно-Казахстанской области, особенно территории, прилегающей к городу Орал. В ходе исследования анализируются история формирования, этимология и этнографические особенности названий реки Жайык Урал, Яик, её притоков, а также расположенных поблизости озёр и возвышенностей. Опираясь на основные теоретические положения ономастики, в работе выявляются языковые, культурные и исторические факторы, повлиявшие на возникновение характерных для региона топонимов. Подчеркивается, что названия географических объектов являются важным культурным маркером, сохраняющим лексические элементы и грамматические формы, присущие разным общественным эпохам. В исследовании использованы локальные словари, исторические карты, архивные материалы и интернет-источники. В заключении статьи раскрывается роль ономастики в сохранении национального культурного наследия и в реализации государственной языковой политики. Также предлагаются практические рекомендации по сохранению и цифровизации местных ономастических объектов. Полученные результаты могут быть эффективно использованы в сфере

образования, а также в муниципальном управлении для укрепления языкового и культурного наследия региона.

Ключевые слова: ономастика, топонимия, Жайық, Шаган, Елек, Деркөл, Шыңғырлау, землеские названия, этимология, Орал.

Abstract

This article examines the historical and onomastic study of the toponyms of the West Kazakhstan Region, with particular attention to the area surrounding the city of Oral. The research analyzes the history of formation, etymology, and ethnographic characteristics of the names of the Zhaiyk Ural, Yaik River, its tributaries, as well as nearby lakes and elevations. Drawing on key theoretical principles of onomastics, the study identifies the linguistic, cultural, and historical factors that influenced the emergence of region-specific toponyms. It is emphasized that geographical names serve as significant cultural markers, preserving lexical elements and grammatical forms characteristic of different historical periods. The study employs local dictionaries, historical maps, archival materials, and online sources. The conclusion highlights the role of onomastics in preserving national cultural heritage and in supporting the implementation of state language policy. The article also offers practical recommendations for protecting and digitizing local onomastic sites. The results of the research can be effectively applied in the fields of education and municipal governance to strengthen the linguistic and cultural heritage of the region.

Keywords: onomastics, toponymy, Zhaiyk, Shagan, Elek, Derkol, Shyngyrlau, place names, etymology, Oral

Кіріспе

Ономастика лингвистикадағы ерекше сала, ол атауларды, яғни адамдардың, жерлердің, жануарлардың және аспан денелерінің атауларын зерттейді. Тарихи ономастика ұлттық мәдениеттің, тарихи есте сақтаудың қайнар көзі ретінде қызмет етеді. Қазақстанда мемлекеттік тіл саясатының бір бағыты тарихи ономастиканы зерттеу және сақтап қалу, өйткені топонимдер халықтың тілін, эпостық жырларын, тарихи оқиғалар мен өмір салтын бейнелейді. Орал қаласы мен оның маңындағы жер-су атаулары өңірдің күрделі тарихи-мәдени бейнесінің айнасы: оларда көне түркі, қазақ, татар-басқұрт және славяндық пласттардың іздері көрініс табады. Орал қаласы Батыс Қазақстан өңірінің тарихи-мәдени орталығы ретінде қалыптасып, оның ономастикалық картасы көптеген кезеңдердің куәсі. Қала Жайық Яик, Урал өзенінің жағасында орналасқандықтан, гидронимдер өңірдегі негізгі ономастикалық топ болып табылады. Топонимдер көбінесе табиғи сипаттарға, экономикалық қызметке мал шаруашылығы, балықшылық, этникалық құрамға және тарихи оқиғаларға байланысты берілген. Жайық пен оның салаларының атаулары Шаган Чаган, Елек, Шыңғырлау, Деркөл және тағы басқа гидронимдер өңірдің географиялық және әлеуметтік тарихын сақтаушы. Қала өзінің тарихи рөлін XVI-XVII ғасырларда орыс казактары мен жергілікті қазақ тайпалары арасындағы сауда және шекара бекеті ретінде бастаған. Оралдың ономастикасында керуен жолдары, мал жайылымдары, балықшылық сияқты экономикалық факторлар айқын көрініп қалады. [1,98б] Сонымен қатар, қаладағы діни және мәдени мекендер, мешіттер мен шіркеулердің, кесенелер мен молалардың атаулары да топонимдерге әсер етті. XVIII-XIX ғғ. [5,230б] Ресей империясының шекаралық саясаты, казак бекіністерінің құрылуы өңірдегі атаулардың славянизациясы мен жаңа әкімшілік аттар топтамасының пайда болуына әкелді. Осы жағдайлар ономастиканың тарихи-әлеуметтік мәнін және мемлекеттік тіл саясаты контекстінде оның маңыздылығын түсіну үшін зерттеу қажеттігін күшейтеді. Осы мақалада аталған мәселелерге теориялық негіздер мен эмпирикалық материалдар арқылы талдау жасалып, практикалық ұсыныстар ұсынылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеуде тарихи-архивтік, картографиялық талдау, салыстырмалы-этимологиялық әдіс және аландық-этнографиялық материалдар қолданылды. Негізгі дереккөздер: «Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі», Орал туралы ғылыми мақалалар, XIX-XX ғғ. карталар, сондай-ақ онлайн-энциклопедиялар мен өңірлік басылымдар. Аландық материал ретінде жергілікті тұрғындардың ауызша естеліктері мен мектеп мұғалімдерінің берген мәліметтері пайдаланылды. Этимологиялық талдауда түркі, қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы сөздік қорлары қолданылды. Картографиялық сәйкестікті тексеру үшін соңғы әкімшілік шекаралар мен гидрографиялық мәліметтер салыстырылды.

Орал қаласы мен оны қоршаған су объектілерінің атаулары топонимдер кешені бірнеше тарихи пластты көрсетеді. Ең бастысы Жайы өзені оның атауының шығу тегі терең әрі көпқабатты. Бірқатар ғалымдар Жайық атауын түркі тілдерінің көне кезеңдерінен көреді, ол «кең, жайылған су» деген мағыналарды қалыптастырады бұл өзеннің кең аңғарлы жүйесін сипаттайды. Жайықтың

салалары Елек, Шаған, Шыңғырлау, Рубежка, Быковка, Барбастау, т.б. әрқайсысы жеке этнолингвистикалық тарихты сақтайды. [6, 144 б]

Чаған өзені мен оның атауы бірнеше гипотезамен түсіндіріледі бір нұсқа бойынша бұл атау түркі-моңғол тілдеріндегі гидронимдік түбірлерден туындайды; ауызша деректер мен көлдердің сипаттамалары бұл нұсқаны растайды. Елек өзенінің атауы да бірнеше түсінікте кездеседі: кей деректерде елеу, сүзу мағыналары арқылы өзеннің сипатымен байланыстырылады. Бұл жағдай гидронимдердің семантикалық тұрғыдан экологиялық сипатқа ие екенін көрсетеді. Славян текті атаулар Рубежка, Быковка және Карев секілді Ресей империясының шекаралық және казактық дәуірінен қалдырған із. «Рубежка» орыс тілінде рубеж, шекара деген мағынаны береді; бұл атау бекіністер, форпосттар мен шекаралас бекеттерге қатысты кеңінен қолданылған. «Быковка» атауы мал шаруашылығымен байланысты болуы мүмкін бык\сиыр, немесе белгілі бір адам есімімен немесе фамилиямен байланысты оқиға нәтижесінде пайда болған. Түркі-қазақ элементтері әрқашан көшпенді және ауылшаруашылық тұрмыстың таңбасын білдіреді: -көл, -су, -тау, ай, бұлақ сияқты морфемалар кең таралған. Барбастау атауы «бастау» қайнар морфемасын сақтауы мүмкін; мұндай атаулар гидрологиялық көздің табиғи сипаттамаларының тілдегі сақталуының айқын мысалы. Сонымен қатар, антропонимияның ықпалы елді мекендер мен табиғи нысандардың атауларында адамдардың есімдерінің, рулардың немесе қоныстанған топтардың аттарының көрінісі айқын байқалады.

Ономастикада лексикалық өзгерістердің бірнеше себебі бар: тілдік алмастыру білім және әкімшілік процесстері арқылы, демографиялық өзгерістер эмиграция, иммиграция, экономикалық трансформациялар жолдар, промыселдер өзгерісі және саяси реформалар административтік қайта бөлу. Мысалы, совет дәуірінде кейбір тарихи атаулар жойылып, жаңа экономикалық мақсаттағы атаулар қойылды; тәуелсіздік кезеңінде тарихи атауларды қалпына келтіру бастамалары байқалады. Әлеуметтік-мәдени тұрғыдан алғанда, жер-су атаулары локалдық тарихи есте сақтау мен ұлтты тану құралдары болып табылады. Осы себепті мемлекеттік тіл саясаты және жергілікті мәдени мұраны қорғау бағдарламалары ономастиканың зерттелуін және қоғамдық қолдауды талап етеді. Оны сақтау мен жаңғыртуға бағытталған практикалық қадамдар цифрлық сөздіктер, картографиялық жобалар, сыныптан тыс экскурсиялар мен жергілікті мұражайлардағы топонимдік бөлімдерді енгізу өңірдегі тарихи сананы нығайтады. Зерттеу көрсеткендей, Орал қаласы және оның шекарасындағы жер-су атаулары көпқабатты тарихи-этнографиялық мәнге ие. Жайық өзені мен оның салалары аймақтың негізгі гидрографиялық жүйесін құрайды және олардың атаулары түркі тілдері, қазақ этносы мен басқа да ықпалдардан құралған. Этимологиялық талдаудан маңызды тұжырымдар алынған: көптеген атаулар түркі-тектес морфемаларды сақтаған славян текті атаулар Рубежка, Быковка, Карев, Дарьян XVIII-XX ғғ. [4, 126] Арасындағы орыс-қазақ қатынастары мен шекаралық тарихтың нәтижесі; антропонимикалық элементтер кейбір атаулардың түбінде байқалады ру атаулары, адам есімдер. Зерттеу барысында анықталған нақты фактілер: Орал аймағында кездесетін гидронимдердің көпшілігі Жайықтың бассейндік жүйесіне жатады және олардың атаулары жергілікті экологиялық сипаттарға және шаруашылық пайдалануға тікелей байланысты. Мысалы, Шаған өзеннің маңындағы батпақтық, жайылым мен балықшылыққа тән аймақты сипаттауы мүмкін; Елек су бұрылыстары мен құбылыстарымен байланыстырылып, жергілікті ауыз әдебиетінде сипатталған. Деркөл дере және көлкомпоненттері арқылы ағатын және тоқтаған су аймақтарының аралас сипатын көрсетеді. Бұдан бөлек, Сарыөзен, Қараөзен, Оленты, Бүлдірті, Шалқар, Арәлсор, Боткол сияқты гидронимдер аймақтың әртүрлі табиғи зоналарын сипаттайды: кейбірі тұщы су көздерін, кейбірі тұзды сорлар мен маусымдық көлдерді білдіреді. Этнографиялық деректер мен ауызша естеліктер көрсеткендей, жергілікті тұрғындар көбінесе су нысандарының атауын қолдануда тарихи мағынаны сақтап қалады; атаулар арқылы белгілі бір орынның бұрынғы пайдаланылуы туралы дерек алуға болады мысалы, мал жайылымы, балық аулау, шабындық. Бұл атауларды құжаттау арқылы жергілікті қауымның тарихи тәжірибесі мен табиғатпен өзара әрекетінің нақты дәлелдері алынууда. Топонимдердің морфологиялық және семантикалық талдауы олардың тілдік өзгерістерге қалай ұшырағанын көрсетеді: түркі-морфемалар сақталып қалса да, кейбір атаулар славян тілдерінен алынған префикстер мен суффикстермен араласып кеткен.

Бұл лингвистикалық араластыру өңірдегі мәдени және әкімшілік ықпалдар тарихын айқын көрсетеді. Практикалық нәтижелерге келсек, зерттеу мынадай ұсыныстарды негіздеді жергілікті ономастикалық сөздікті толықтыру және цифрландыру тарихи карта мен гидрологиялық деректер негізінде интерактивті карталар жасау мектептер мен ЖОО деңгейінде ономастика бойынша локалдық оқу модульдерін әзірлеу әкімшілік деңгейде тарихи атауларды қорғау және қалпына келтіру бойынша нормативтік актілер енгізуді қарастыру. Мұндай қадамдар жергілікті мәдени мұраны сақтау мен қоғамдық тарихи сана қалыптастыруға ықпал етеді. Қорытындылай келе, ономастикалық

материалдардың құжаттандырылуы және жүйелендірілуі өңір тарихын қайта қарауға, гидрологиялық және экологиялық зерттеулерге жаңа фактілерді қосуды қамтамасыз етеді, соның нәтижесінде мәдени-табиғаттық туризмді дамытуға мүмкіндік пайда болады және білім беру процесіне әлі пайдаланылмаған бай тарихи деректер енеді құжатталуы.

Қорытынды

Орал қаласы мен оның айналасындағы жер-су атаулары тарихи ономастика тұрғысынан бай материал ұсынады. Жайық өзені мен оның салалары жергілікті халықтың өмірі мен шаруашылығын, тарихи оқиғаларды бейнелейді. Топонимдердегі түркі, қазақ және славян элементтерінің араласуы өңірдің көпқырлы этникалық-мәдени тарихын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері ономастиканың тіл тарихын сақтаудағы рөлін, жергілікті қауымдардың тарихи тәжірибесін және әкімшілік ықпалдар әсерін көрсетті.[2,506]. Мемлекеттік тіл саясаты ономастиканы зерттеу мен сақтауға ерекше көңіл бөліп, мектептер мен жоғары оқу орындарында бұл тақырыпты енгізуді ұсыну арқылы ұлттық бірегейлікті нығайтады. Практикалық ұсыныстар цифрландырылған ономастикалық дерекқор жасау, мектептерде жер-су атаулары бойынша экскурсиялар мен локалдық тарихи бағдарламалар ұйымдастыру, жергілікті әкімдіктермен бірлесіп тарихи атауларды қалпына келтіру өңірдің мәдени мұрасын сақтауға көмектеседі. Болашақ зерттеулерде ұсынылады: тарихи карталарды, археологиялық мәліметтерді және гидрологиялық зерттеулерді біріктіріп, ономастика мен табиғат тарихын кешенді талдау жүргізу. Сондай-ақ, көптілді және мультидисциплинарлы тәсілдер арқылы атаулардың этномәдени мәнін толық ашуға болады [4, 7 б]. Жалпы алғанда, тарихи ономастика Орал өңірінің мәдени-тарихи бейнесін түсінудің және сақтаудың маңызды құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ержанова Ұ., Сарышева Н. Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі. - Орал: Өлкетану орталығы, 2001. - 240 б.
2. Үмітқалиев У. У., Жанисsov А. Т., Қайырғалиев А. Б. Батыс Қазақстан облысы топонимдерінің тарихи оқиғалармен байланысы // Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. Historical Sciences Series. - 2020. - № 2(131). - С. 40-55.
3. Смағұлов Д. С. Гидронимы и гидрография рек Казахстана в научном наследии академика В. В. Бартольда // Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. Historical Sciences Series. - 2022. - № 1(134). - С. 25-36.
4. Қалменов М. Орал қаласының іргетасы - Жайық қалашығы // Дана.кз. - 2013. - № 6-7
5. Бартольд В. В. Сочинения. Том II. Работы по исторической географии. - М.: Восточная литература, 1963. - 583 с.
6. Баскаков Н. А. Тюркская ономастика. - М.: Наука, 1973. - 248 с.
7. Кеңесбаев С., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1974. - 712 б.
8. Tulemisova G. B., Abdinov R. Ecological state of the Ural River // Bulletin of Kazakh National University. Chemistry Series. - 2024. - № 2. - P. 70-85.
9. Қалменов М. Орал қаласының іргетасы - Жайық қалашығы. - Дана.кз, 2013. 2-3.б
10. Жайықтың жер-су атаулары - жеріміздің жазба тарихы. Ана тілі газеті. - 2011. 4-5б

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ДӘУІРІНДЕГІ САРЫАРҚАНЫҢ ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ

Қабден Г.Ғ.

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық университетінің аға оқытушысы,

PhD-Молдахмет А.А.

gafurkabden4@gmail.com

Астана қаласы

Аңдатпа

Бұл мақалада XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген Жошы ұлысы кезеңіндегі Сарыарқа өңірінің жерлеу орындары тарихи-археологиялық тұрғыдан қарастырылған. Зерттеу жұмысы Ұлы Дала аумағындағы Жошы хан, Алаша хан және Домбауыл кесенелері сияқты негізгі мемориалдық ескерткіштерді тарихи археологиялық және сәулеттік тұрғыдан талдауға негізделген. Ортағасырлық Дешті Қыпшақ аумағында қалыптасқан жерлеу мәдениеті түркі-моңғол дүниетанымымен тығыз байланысты болып, кейін қазақ халқының рухани және мәдени болмысына ықпал еткен. Мақалада